

ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online) 2663-2489

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы
HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series
Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ.
РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ

№ 2(131)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы: *тар.г.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті*
Сыдықов Е.Б. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары (философия) **Есім Ғ.**, *философ.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары (философия) **Телебаев Ғ.Т.**, *философ.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары (тарих) **Мусабалина Ғ.Т.**, *тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары (дінтану) **Тышхан К.**, *философ.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Редакция алқасы

Әбділдин Ж.М.	философ.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Любичанковский С.В.	тар.г.д., проф., Ресей Ғылым Академиясы Ресей тарихы институты, Мәскеу, Ресей
Алпысбес М.А.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Медеуова К.А.	философ.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Артықбаев Ж.О.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Муминов А.К.	тар.г.д., проф., Ташкент мемлекеттік институты, Ташкент, Өзбекстан
Әбділәшімұлы Д.	PhD, проф., Орталық Ұлттар университеті, Пекин, Қытай Халық Республикасы	Мусағалиева А.С.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Әбдуақап Қара	тар.г.д., проф., Мимар Синан көркем өнер университеті, Ыстамбұл, Түркия	Мустафина Р.М.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бозжигитова М.М.	философ.г.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Нұрышева Г.Ж.	философ.г.д., проф., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Бороффка Николаус	PhD, Германия археологиялық институты, Берлин, Германия	Педрачки М.	PhD, доцент, Варшава университеті, Варшава, Польша
Буканова Р.Г.	тар.г.д., проф., Башқұрстан Республикасының ғылым академиясы, Башқұрстан, Ресей	Пианчолла Николо	PhD, Гонконг, Қытай
Бурбаев Т.К.	философ.г.д., проф., ҚР Жоғарғы соты жанындағы сот төрелігі академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Рахимбекова А.Ж.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Васильев Д.В.	тар.г.д., доцент, Ресей Кәсіпкерлік Академиясы, Мәскеу, Ресей	Рысқалиев Т.Х.	философ.г.д., проф., Жәңгір хан ат. Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық Университеті, Орал, Қазақстан
Джампеисова Ж.М.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Садықов Т.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Дүкенбаева З.О.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Сайлаубай Е.Е.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ерменбаева Г.К.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Самашев З.С.	тар.г.д., Ә. Марғұлан атындағы Археология институты филиалы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жақиянов Т.Ж.	с.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Сапарғалиева С.Ж.	философ.г.д., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жеребцов И.Л.	тар.г.д., Тіл, әдебиет және тарих институты, Коми Республикасы, Сыктывкар, Ресей	Саркулова М.С.	философ.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ибадуллаева З.О.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Сейтказина К.О.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Иманжүсіп Р.	философ.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Таиров А.Д.	тар.г.д., Оңтүстік Орал мемлекеттік университеті, Челябин, Ресей
Исмағамбетова З.Н.	философ.г.д., проф., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан	Таймағамбетов Ж.Қ.	тар.г.д., проф., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Каженова Г.Т.	тар.г.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Ташағыл А.	проф. Мимар Синан университеті жанындағы «Еуразия» зерттеулер институты, Ыстамбұл, Түркия
Камарова Р.И.	философ.г.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Умиткалиев У.У.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ковальская С.И.	тар.г.д., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Хабдулина М.К.	тар.г.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Кумеков Б.Е.	тар.г.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан	Чарлз Уиллер	философ.г.д., проф., Вашингтон университеті, Пулман, АҚШ
Құрманалиева А.Д.	философ.г.д., проф., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан	Шаповал Ю.В.	философ.г.д., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
		Шемшек Ахмед	философ.г.д., проф., Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-457)

E-mail: vest_hist@enu.kz

Жауапты хатшы: К.Ж. Жұмабекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. **ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 7 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31 457)

МАЗМҰНЫ

<i>Абасов А.</i> Шығыс және Батыс: идеялардың өзара толықтырылуы	8
<i>Вацулик Я., Сатанов А.Б.</i> Чех Республикасы мен Қазақстандағы білімнің даму тарихы (1990-1999 жылдар): салыстырмалы тарихи талдау	22
<i>Гарипова Р.</i> Посткеңестік Қазақстандағы Аққөл мешіті: мұражай жәдігері немесе қасиетті жер ме?	36
<i>Моллақанагат Ә.С.</i> Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың мәні	49
<i>Сари Я., Азмуханова А.М.</i> Энергетика саясаты: Каспий аймағы ірі мемлекеттерінің бәсекелестігі	56
<i>Скарборо Д.</i> Түркістан епархиясы және халықтық православие: Өмір беретін құдықтың ісі	68
<i>Түрекулова Ж.Е., Жұмабеков М.У.</i> ХІХ ғасырдағы Мысыр қалаларының даму тарихы	77
<i>Ұмітқалие Ұ.Ұ., Лбова Л.В., Хабдулина М.К.</i> Болашақ археолог, этнограф мамандарын кәсіби дайындаудағы жаңа әдістер мен технологиялар	85

Ә.С. Моллақанағат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail:mollaqangat@gmail.com)

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың мәні

Аңдатпа. Түркістан облысының орталығы, Түркістан қаласы – рухани астана. Онда Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің мазары бар. Атақты Әмір Темір әулиеге деген құштарлығын алып кесене арқылы білдірген. Талай заман өтсе де, Ясауидің адал рухани қызметіне деген құрмет күшеймесе, әлсіремеген. Ясауи іліміне қарсы әртүрлі күрес жүргізілгенімен, жүректерде сақталған ол кісіге деген махаббат артпаса, кемімеген. Арналып салынған кесене архитектуралық жағынан да, басқа қырынан да жан-жақты зерттеле береді. Кесенеді жазылған араб жазуларының мән-мағынасын ашу – заман талабы. Жазуларда аяттар мен хадистер және әртүрлі насихат сөздер орын алған, тарихи даталар да кездеседі, кісі есімдерін көруге болады. Аяттардың арабша мәтіні, транскрипциясы және қазақ тіліндегі мағынасы берілді. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың мәні атты тақырыпта әлі талай мақала жарық көретіні, және қоғамның рухани өміріне серпіліс әкелетіні байқалады.

Түйін сөздер: Түркістан, дінтану, тәпсір, қазақ, Ясауи, Қожа Ахмет, кесене, жазулар, аяттар, гайып, кілттер, зікір, хикмет, ислам.

DOI: 10.32523/2616-7255-2020-131-2-49-55

Кіріспе. Түркістан қаласы облыс орталығы болды. Қаланың күллі түркі жұртына қара шаңырақ болуымен қатар, ол жерде Қожа Ахмет Ясауи әулие атамыздың кесенесі бар. Ол кісі түркі жұртының рухани ұстазы, пірі. Түркі халықтары өздерінің мұсылман болып, ислам дінін өзімсініп, оны сіңіріп алуын Әзірет Сұлтан және ол кісінің шәкірттерінің ерен еңбектері арқасында жүзеге асқандығын бір сәтке де ұмытпақ емес. Ұлы ұстаз, Әмір Темір бабамыздың да назарынан тыс қалмаған, қабірінің үстіне басқа жақта кездесе бермейтін алып кесене салдырған. Шындығын айтқанда, қаншама ғасырлардан бері қарай талай оқиғалардың куәсі болған Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – бізге жеткен алтын жәдігер, әрі Әмір Темірдің әулие атамызға деген таза сүйіспеншілігі мен құрметінің жарқын көрінісі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың мәніне кіріспестен бұрын Қожа Ахмет Ясауидің кім екендігіне

тоқталғандығымыз жөн болар. Ахмет Ясауи Батыс Қарахан мемлекетінің қарамағындағы Батыс Түркістанда Қарахандықтар дәуірінің соңғы кезеңдерінде өмір сүрген және артында із қалдырған сопылық жолындағы ақын. Ол кісінің мұриттері де сол сарында хикметтер жазған. Олардың арасында кең танылғаны Хаким Сүлеймен Ата. Мұриттерінің хикметтері де кейде Ясауи хикметтерімен араластырылып берілді. Сондықтан хикметтердің барлығы Ясауи хикметі деп айту қиынға соғады. Десек те, түрік сопылық өлеңдерінің алғашқы үлгілерінен болып табылатын хикметтерді Қарахан мемлекеті тұсындағы әдебиет ретінде қарастыру дұрыс бағыт болып табылады [1, 342 бет]. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері жинақталған жазба «Диуани Хикмет» деп аталады. Бұлай атауға Ахмет Ясауи өлеңдерінің «хикмет» терминімен аталуы себеп болған. Ахмет Ясауи XII ғасырда Батыс Түркістанда өмір

сүрген сопылық жолындағы ақын. Сайрам (Исфижап) қаласында туған, 7 жасында Ясы қаласына көшіп барған. Ясауи лақап аты «Ясы қаласының адамы» деген ұғымды білдіреді. Қазақстанның оңтүстік-батыс жағындағы Ясы қаласы бүгінде Түркістан деп аталады. XI ғасырдың соңғы жағында туған деп шамаланатын Ахмет Ясауидің әкесінің аты – Ибраһим, шешесінің аты – Айша. Анасы да бір әулиенің қызы болған, әкесі де заманында кереметтері көрінген шейхтердің бірі еді. 7 жасында жетім қалған Ахмет Ясауи басында Ясы қаласында Арслан бабаға шәкірт болып, қолын алған. Бірақ Арслан Бабаның бір жылдың ішінде қайтыс болуына байланысты Бұхараға барады да, Жүсіп Хамаданиге жалғанады. Ахмет Ясауидің негізгі ұстазы және пірінің Жүсіп Хамадани болғандығы, білім мен руханиятының көп бөлігін сол кісіден алған деп шамалауға болады. Әрине Бұхарадағы әртүрлі білім және сопылық орталықтарда болып өзінің дамытқандығы айқын. Ахмет Ясауи Хамаданидің үшінші халифасы. Хамадани 1140 жылы қайтыс болған, алғашқы екі халифадан кейін үшіншісі болып Ахмет Ясауи тариқат шайхысы болған. Тек 1160 жылы Хамаданидің пәстегіне отырған Ясауи аз уақыттан кейін оны басқаға қалдырып өзі Ясыға қайтқан. Пайғамбардың (с.ғ.с) 63 жасында қайтыс болуына байланысты Ясауидің де 63 жасына толғанда Ясы да бір ғар жасатып, ішіне кіргендігі және қалған өмірін сол жерде өткізгендігі рауаят етіледі. «Иер астыға кірдім мұна» (жер астына кірдім міне) деген мәшһүр өлеңі, осы оқиғаны баяндап тұрғандай. Ахмет Ясауи 1166 жылы Ясыда қайтыс болған. Ахмет Ясауидің заманның маңызды ғылым және мәдениет орталығы болған Бұхарада жақсы білім алғандығы, араб тілі мен парсы тілін меңгергендігін, Ислами ғылымдар туралы да өте жақсы білім алғандығын көруге болады. Күнкөріс көзі ретінде ағаштан қасық жасап сатқандығы туралы рауаяттар бар. Ахмет Ясауидің маңызды жағы өзі негізін қалаған Ясауилік жолын қалдырғандығы, жол көрсетіп хикметті өлеңдері арқылы мұсылмандықты жеңілдетіп көшпелі түрік халқына түсіндіруі

еді. Бұл тақырыпта өте әсерлі болған, өзінің және мүриттері тәрбиелеген жүздеген шейхтар Түркістан және Анадолыда бір ізбен жүріп жолдарын қалыптастырып, Түркістан және Анадолы түріктерінің рухани шебін қуаттандырған. Түріктердің мұсылмандықты тартысқа кірмей, жеңіл түрде қабылдаулары және оны іске асыруларында Ахмет Ясауи мен оның ізбасарларының маңызды рөлі болған. Мүриттерінің санының көптігін манақыптарда 99000 деп көрсетеді. XII ғасырда қайтыс болған Ясауидің әсері XIV ғасырдың соңғы жағындағы Әмір Темір дәуірінде де өте мықты жалғасын тауып жатқан еді. 1396-1397 жылдары Темір Ясауидің қабірін зиярат еткен және Ясы қаласында ол үшін ескерткіш кесене салдырған. XVI ғасырдың басында Шибан Хан да кесенені қайта жөндеуден өткізген. XVII ғасырда Әулие Челеби тегін Ясауиге байланыстыруы оның әсерінің жалғасып жатқандығының көрсеткіші. Сонымен, Түркістан қаласынан Қазан және Ыстамболға дейін таралған табылған «Диуани Хикмет» қолжазбалары да кейінгі ғасырларға тиесілі. «Түрік әдебиетінде алғашқы сопылар» атты еңбегінде Фуат Көпрүлү Ясауи әсерін және Ахмет Ясауи, Жүніс Әмре арасындағы сызықты толық зерттеген. Ахмет Ясауидің кесенесінің бүкіл түркілер тарапынан зиярат етілуі және Түркістан қаласында оның атына Түркия-Қазақстан ортақ университетінің ашылуы Ясауи әсерінің әлі де күшті жалғасып келе жатқандығының нақты айғақтары болып табылады. Диуани Хикмет қолжазбалары кейіннен (XVI ғасырдан кейін) көшіріліп жазылғандығы үшін тілдік жағынан Қарахан түрік тілімен емес, Шағатай түрік тілінің ерекшеліктерін нұсқауда. Тек Ясауи Қарахандықтар кезеңінде өмір сүргендігі үшін оның хикметтерін Қарахандықтар кезеңі әдебиеті ретінде қарастырылуы керек [1:339]. Ұлттың ұлттығын қалыптастыратын екі негізгі арна бар. Оның бірі – дін, екіншісі – тіл. Дін – өркениеттің негізі, ал, тіл – ұлттық мәдениеттің өзегін құрайды. Осы екі арнаның бірі суалатын болса, ұлттың болмыстық тіршілігі тоқталады [7, 258 бет].

Негізгі бөлім. Қабірі үстінен алып кесене тұрғызылған Қожа Ахмет Ясауи

аса атақты түркі әулиесі, дін таратушы, сопылық бірлестіктің негізін қалаушы болды. Күллі түркі әлемінде оның «Хикметтері» атты шығармасы кең тарады. Онда Ислам құндылықтары насихатталып, қоғамдағы олқылықтар әшкереленген [2, 9 бет]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Қазақстан Республикасы Түркістан облысындағы Түркістан қаласында орналасқан. Ескерткіш ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енгізілген. Ғылым-білім дамыған сайын көп нәрселердің сырлары ашылып келеді. Соның бірі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жазылған құпия жазулардың сырлары. Бұл жазулардың зерттелу тарихын тәуелсіздіктен бұрын және тәуелсіздіктен кейін деп екі кезеңде қарастыруға болады. Бірінші кезеңде кесенедегі эпиграфиканың толық зерттеу объектісіне айналмағандығы көрінеді. Алғаш рет кесенедегі бір топ жазуларды оқып, орыс тіліне аударған М.-С.Бекчурин мен П.Н.Ахмеров, Н.И.Иеселовский болды. Кеңес үкіметі кезінде М.Е. Массон Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихын түпкілікті зерттеді. Осы кезде ол ғимараттағы кейбір жазбаларды оқуға және аударуға әрекет жасады. А.А.Иванов кесене ішіндегі қола заттардың басым бөлігін мұқият зерттеді, бетіндегі жазуларды егжей-тегжейлі талдап, орыс тіліне аударып, толық ғылыми түсініктемесін берді. Кесенедегі эпиграфиялық жазулардың барлығын қамтитын Б.Т. Тұяқбаеваның арнайы еңбегі жарияланды. Көп көлемді атқарылған жұмысқа қарамастан бұл басылымдарда кейбір кемшіліктер кетті. Мысалы, бұл басылымдардың көпшілігіндегі аудармалар араб әріпімен жазылған мәтіндермен қамтамасыз етілмеді [2, 19 бет]. Тәуелсіздік алғаннан кейін, кесенедегі жазуларға байланысты ең ауқымды жұмыс 2008-2010 жылдары, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайына барған білікті басшы А. Сафуллин мырзаның бастамасымен, ұйымдастырылған ғылыми ұжым тарапынан жүргізілді. Нәтижесінде, бүгінгі Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің докторанты, текстолог маман Моллақанағатұлы Сайпулла Қожа

Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазуларды тұтас оқып, арабша электронды нұсқасын дайындап, транскрипциясын жасап, қазақ тіліне аударды. Бұл жұмысы «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» деген атаумен, альбом кітап түрінде, үш тілде жарыққа шықты. Кіріспе сөзін профессор Муминов Әшірбек пен Болат Қорғанбек мырзалар жазды. Бұған дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі эпиграфиялық жазу мәтіндері түпнұсқа күйінде толық жарияланбай, көбінесе орыс тіліндегі үзінділер етіп беріліп келген болатын.

Енді араб жазулары орналасқан қаспеттің сипаттамасына келетін болсақ, кесенің батыс, солтүстік, шығыс фасадтарының фризіндегі жазу батыс фасадтың мұнара жағынан бастап, солтүстік және шығыс фасадтарының тұтастай қамтып, шығыс мұнарамен шектеседі. Биіктігі – 2,6 м, жалпы ұзындығы – 163 м, ауданы – 424 шаршы метр болып келетін фриздегі сулс көркем жазуы ашық көк түсті бояулы қаптама кірпіштермен құрастырылып жазылған. XX ғасырдың басында фриздің басым бөлігі бұзылған болатын. Алайда жазудың төменгі бөлігінің жақсы сақталуы, жазудың ертеректе жасалған фотосуреттерінің болуы және онда өзгермейтін Құран сөздері жазылғандықтан реставраторларға фриздағы жазуды толық қалпына келтіруге мүмкіншілік берді. Бұл жазуда кіріспе сөзбен басталатын Құран Кәрімнің 6-сүресінің 59, 60, 61, 62-аяттары және 63-аяттың бас жағы тұтас берілген. Соңында құрылысшының аты-жөні, құрылыстың аяқталған уақыты жөніндегі мәліметтер берілген [2, 56 бет]. Сол аяттардың арабша мәтіні «قال الله تبارك وتعالى/», яғни Аллаһу табарака уа тағала айтты» деп басталады:

وَعِنْدَهُ مَفَاتِحُ الْغَيْبِ لَا يَعْلَمُهَا إِلَّا هُوَ ۗ وَيَعْلَمُ مَا فِي
الْبُرِّ وَالْبَحْرِ ۗ وَمَا تَسْقُطُ مِنْ وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا وَلَا
حَبَّةٍ فِي ظَلْمَاتِ الْأَرْضِ وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا
فِي كِتَابٍ مُبِينٍ (59) وَهُوَ الَّذِي يَتَوَفَّاكُم بِاللَّيْلِ
وَيَعْلَمُ مَا جَرَحْتُمْ بِالنَّهَارِ ثُمَّ يَبْعَثُكُمْ فِيهِ لِيُقْضَىٰ أَجْلٌ
مُّسَمًّى ۗ ثُمَّ إِلَيْهِ مَرْجِعُكُمْ ثُمَّ يُنَبِّئُكُم بِمَا كُنتُمْ
تَعْمَلُونَ (60) وَهُوَ الْفَاہِرُ فَوْقَ عِبَادِهِ ۗ وَيُرْسِلُ
عَلَيْكُمْ حَفَظَةً حَتَّىٰ إِذَا جَاءَ أَحَدَكُمْ الْمَوْتُ تَوَفَّتْهُ

رُسُلُنَا وَهُمْ لَا يُفَرِّطُونَ (٦١) ثُمَّ رُدُّوا إِلَى اللَّهِ
مَوْلَاهُمُ الْحَقَّ ۗ أَلَا لَهُ الْحُكْمُ وَهُوَ أَسْرَعُ
الْحَاسِبِينَ (٦٢) قُلْ مَنْ يُجِيبُكَ مِنَ ظُلُمَاتِ الْبَرِّ
وَالْبَحْرِ تَدْعُوهُ تَضَرُّعًا وَخُفْيَةً. [3] ...

Аяттардың оқылуы: (59) уәбиндәһу мәфәтихул ғайби лә йәъләмуһә иллә һуу [жим] уәйәъләму мә фиил бәрри уәлбәхр [жим] уәмә тәсқуту миу уәрәқатин иллә йәъләмуһә уәлә хәббәтин фиизулумәтил әрди уәлә рәтбиу уәлә йәбисин иллә фиитәбим мубийн (60) уәһууәл ләзии йәтәуәффәкум билләйли уәйәъләму мә жәрәхтум биннәһәри сүммә йәбьәсүкум фиийһи лийуқда әжәлум мусәммән [салә] сүммә иләйһи мәржиьүкум сүммә йунәббийукум бимә кунтум тәъмәлуун (61) уәһууәл қаһиру фәуқа ьибәдиһи [салә] уәйурсилу ьаләйкум хәфәзәтән хәттә изә жәә әхәдәкумул мәуту тәуәффәғһу русулунә уәһум лә йуфәрритуун (62) сүммә руддуу илләһи мәуләһумул хаққ [жим] әлә ләһул хукму уәһууә әсрәул хәсибийн (63) қул мәй йунәжжикум мин зулумәтил бәрри уәлбәхри тәдьюунәһу тәдарруьәу уәхуфйәтәл... [3].

Аяттардың қазақ тіліндегі аудармасы: (59) Көместің кілттері Оның жанында. Оны Ол, өзі ғана біледі. Және құрлықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрыққа дейін ашық Кітапта бар. (60) Ол сондай түнде сендерді өлідей ұйықтатады. Және күндіз не істегендеріңді біледі. Сонан соң сендерді белгілі бір мерзім толтыру үшін күндіз оятады. Соңыра қайтып барар жерлерің Сол жақ. Одан кейін істеген істеріңді түсіндіреді. (61) Және Ол, құлдарың үстіне өктем, Сендерге қорғаушылар (періште) жібереді. Біреулеріңе өлім келген сәтте, періштелеріміз жанын алады, әрі еш кемістік етпейді. (62) Одан кейін хақ иесі Аллаға ұсынылады. Сақ болыңдар, билік оған тән. Әрі Ол есепшілердің ең жүйрегі. (63) (Мұхаммед Ғ.С.): «Құрлықта, теңіздің қараңғылықтарынан сендерді кім құтқарады? Осыдан бізді, құтқарсаң, әлбетте шүкір етушілерден болар едік деп, оған жасырын жалынып, тілейсіңдер» де [3].

Исламдағы ғылымның жіктелуі әрбір саланың танымдық ерекшеліктеріне қарай нақтыланған. Жан мен тән екі ғылымның зерттеу объектісі болса, «Құран» аяттарының жаратылған қыры – тәфсир, жаратылмаған, өзгермейтін қыры тәуил методы арқылы түсіндірілетін болды. Бұл қалыпты жағдай түсіну және түсіндіру функциясы тұрғысынан кәламға да, философияға да өз әсерін тигізбей қоймады. Негізінен, сопылық танымның мәні тәуил методы арқылы ашылады. Иасауи мәдениетінің ХХ ғасырдағы басты өкілі, көрнекті ойшыл Абайдың да ұстанымы тәуил болды. Тәуил сопылықтың, яғни қазақ мұсылмандық түсінігінің өзегі, дүниетанымдық қалыбы және болмыстық арқауы болатын [7, 48 бет]. Құран адамның қандай болмыс екендігін, оның өмір сүру ортасы мен тіршілігінің мәні мен мағынасы, әлемдегі орны мен мақсаты не деген т.с.с. сұрақтарға жауап бере отырып, адам болмысын тұтас жинақтап қарастырған. Бұл жауаптардың барлығы да адамның рухы төңірегіндегі психологиялық құбылыстар мен шындықтар негізінде, адамның көкейіне қонатын, бейнелі көркем тілмен берілген. «Құранның» үндеуі адам жүрегіне, санасына, рухы мен ақылына бағытталған. Сондықтан адам әлеміне барар жол жүрек, көңіл арқылы өтеді. Міне, Иасауидің философиясының басты мәселесінің көңіл болуы да сондықтан. Қасиетті «Құранда» Тәңір адамның тіршілік әлеміндегі орны мен маңызын оған алғаш есімдерді, яғни, феномендерді үйрету арқылы көрсеткен. Адам осы үйретілген есімдер арқылы өз әлемін қалыптастырған, мәнге айналдырған [7, 30 бет]. «Құран» әрдайым адамды терең ойлауға интеллектуалды қызметке шақырады және осы бағыт бойынша таңдау еркіне ұсыныстар жасайды. Адам - саналы болмыс. Сондықтан оның білуге деген құштарлығы табиғатында бар [7, 32 бет].

Аятта қозғалған «ғайыптың кілттері» мәселесі. Бұл аяттағы мафатих (кілттер) - мифтах сөзінің (кілт) көпше түрі. Кілт – ашқыш құралға берілген атау. Оның құдіретінде және қалауында сырлар мен құпиялардың кілттері бар. Әл – ғайып, (ғиб

түбірінен туындайды – жоқ болу, жабық болу көрінбеу) – қымбатты, қол жетпейтін тәңір құпиясы, тек Құдай ғана ие болатын білім. Әл – ғайып Құранда және хадистерде осы мағынада қолданылады. «Қымбатылығы» мен «қол жетпейтіндігіне» қарамастан, Әл – ғайып құран тәпсірге сәйкес діни тағзым етудің белгісі болып табылады және көкпен пайғамбарларға жіберіледі. Аса «қадірлі нәрсенің хабаршысы» ретінде құранның өзі де Әл – ғайыптың белгілі бір бөлшегін ашуға көмектеседі. Хадис бойынша Әл – ғайыпты білу Құдай мен Пайғамбарлардың еншісіндегі дүние. Құранға жазылған түсініктемелер мен ескі дәстүрді ұстаушылардың айтқандарында осы жағдай атап көрсетіледі [6, 35 бет]. Ғайб – саған жасырын нәрсе. Алла тағала Құран кәрімде: «олар ғайбқа сенеді» деген. Тағыда ғайб, ол – Алла, ол дүниеде көрінбейді, тек оны көрсететін белгілерді ғана көруге болады. Тағы ғайб, Пайғамбар с.ғ.с. хадистері арқылы білдірген періште, ұрмақ, тозақ, есеп күні сияқты адамдарға жасырын нәрселер. Ибн Араби: «ғайб – ол, жүрекпен сезілсе де бас көзіне жасырын нәрселер» деген. Тағы бір аятта Алла тағала: «көктер мен жердің ғайбы Аллада» деген, яғни көктер мен жердің ғайб ілімі. Тағы аятта Алла тағала: «ғайбта рахманнан қорыққандар» деген, яғни ешкім көрмесе де Алладан қорқу. Тағы бір аятта: «ғайбты сақтаушы әйелдер» деген, яғни жұбайлары жоқ кезде де олар жаман көрегін істерді істемейді [8]. Жоғарыдағы аяттарда ғайб сөзі, Алла, жер мен көктердің ғайб ілімі, көрінбейтін нәрсе және жоқ кез деген ұғымдарда қолданылған. Ғайб, ол – құран деп ашықтағандар да бар. Исламдық діни деректерге қарағанда, бұл аятты ендіргенде он екі мың періште бірге түскен. Олардың көмескіден жарыққа шығатын мезгілін тек өзі ғана біледі, адамның санасы көмескіні білуге қауқарсыз. Бұл аяттың ашықтамасы ретінде Лұқман сүресінің 34-аяты көрсетіледі. Ол аятта былай делінген: «Әрине қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді, әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді. Күдіксіз Алла (Т.) толық білуші, хабар алушы».

Бұны Мұхаммед пайғамбар с.ғ.с былай деп ашықтаған: «көместің кілттері бесеу, оны тек Алла тағала біледі. Құрсақтағыларды тек Алла біледі, ертең не болатынын тек Алла біледі, қашан жауын жауатынын тек Алла біледі, адам қай жерде өлетіндігін тек Алла біледі, қиямет күні қашан болатындығын тек Алла біледі». Ибн Араби тәпсірінде ғайыпты мынадай топтарға бөледі: 1. Ғайбул ғууб, яғни Алланың ілімі ол инаятула деп аталады. 2. Ғайбу ғалам ал аруах ол уммул китаб деп аталады. 3. Ғайбу ғалам ал қулуб ол лаухи ал махфуз де аталады. 4. Ғайбу ғалам ал хиял ол дүние деп аталады. Макки ибн Абиталип айтады: «Алланың жанында ғайыптың қазыналары бар». Жалалайн тәпсірінде былай делінген: «оның жанында ғайыптың кілттері бар, яғни оның қазыналары яки оның іліміне жеткізетін жолдардың кілттері...» [5]. Аталған «Мафатихул ғайб» атты Фахруддин Разидің (1149-1209) тәпсірі жарық көрген. Әл-Жарири: «Ол ғайыптың кілттерін Алла тағала және өзінің білдіруімен саф (таза), дос, сүйікті және әулие құлдары біледі» десе, Ибн Ғужайба да: «ғайып ілімдерін Алладан басқа ешкім білмейді және Алланың разылығын алған пенделерге де білдіріледі» деп, Алла тағала қалай қаласа, солай да болатынын еске салып қояды. Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде мынадай жолдар кездеседі:

«Бісмиллә» деп баян еттім хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.
Жанды жалдап, қайғы шегіп, қандар
жұтып,

Мен «дәптер сәни» сөзін аштым, міне [9, 3 бет] – дейді. Бұл хикметте «дүр», «гауһар» және «екінші дәптер сөзін ашқандығы» назар аудартады. «Дүр» мен «гауһар» бағалы тастар, құнды нәрселер, байлықтың нышаны. Астарлап, үлкен сырдан хабар беріп тұрғаны анық. Жоғары да айтылған «Алланың қазыналарының» кейбір кілттері беріліп, сол қазыналардан алған «дүр» мен «гауһарын» шашқанын айтып тұр ма? Дәптері сани (екінші дәптер) сөзін қалай ашқан? Ясауи мұрасын зерттеудің маңыздылығы да осында.

Қорытынды. Кесенедегі жазулардың мәтіні дайын. Оның мәніне үңілу бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі екендігін ешкім

жоққа шығармайды. Біздің байқағанымыз, алып кесененің және ондағы жазулардың әлі талай құпия-сырлары бар екендігі. Жүйелі түрде зерттелген сайын Ясауи және оның мұраларының мақсаты айқындала түспек. Өмір Темір кесенені не үшін салдырды? Өмір Темірді Ясауиге жалғаған байланыстар қандай? Кесенедегі жазулар қай мақсатта

жазылды? Кесенедегі жазулар Ясауи жолына қатысы қандай? Жазуларды жазғанда шеберлер нені көздеген және қандай ережелерді сақтаған? – деген сияқты көптеген сұрақтар пайда болды. Сондықтан «Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жазулардың мәні» атты тақырып аясында талай жаңалықтар шығатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Ercilasun, Ahmet Bican. Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk dili tarihi. – Ankara. -2004. -Vol. 50. -Ақсағ. – 488 s.
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi / Құрастырушылар Ә.Қ. Муминов, М.Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков, Ж.М. Нұрбеков. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. Издание четвертое, переработанное и дополненное. -Алматы: «Эффект» ЖШС, 2010. – 208 б.
3. Әли Имран, 6-59,63 – аяттар. Құран Кәрім [Электрон.ресурс]. – URL: <http://kuran.muftyat.kz/#/home/134> (Қарау мерзімі: 04.21.2020)
4. Туякбаева, Баян Туматаевна. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави / Б. Т. Туякбаева. - Алма-Ата : Онер, 1989. – 172 с.
5. Altafsir [Электрон.ресурс]. – URL: <https://www.altafisir.com/Tafasir.asp> (Қарау мерзімі: 04.21.2020)
6. Әл-Ғайып. Энциклопедия «Ислам»/Бас редактор Р. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995. – 288 б.
7. Кенжетәев Д.Т. Ахмет Иасауи дүниетанымының түркі ислам философиясы тарихындағы орны, 2012. – 288 бет.
8. Әл-Фирузабади. Басаир зауит тамиз. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.altafisir.com/MiscellaneousBooks.asp> (Қарау мерзімі: 04.22.2020)
9. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани Хикмет (даналық кітабы) /баспаға әзірлегендер: Қуанышбек Қари, Ғалия Қамбарбекова, Расул Исмаилзаде/ – Тегеран: «әл-Хұда», 2000. – 235 б.

References

1. Ercilasun, Ahmet Bican. Başlangıçtan yirminci yüzyıla Türk dili tarihi. [History of Turkish language from the beginning to the twentieth century] (Ankara, 2004).
2. Koja Akhmet Yasawi kesenesi. [Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. (Almaty, 2010).
3. Ali Imran. Quran Karim. Available at: <http://kuran.muftyat.kz/#/home/134> (Accessed: 04.21.2020)
4. Tuyakbaeva B.T. Epigraficheski dekor arkhitekturnogo kompleksa Akhmeda Yasawi [Epigraphic decor of the architectural complex of Ahmed Yasawi]. (Almaty, 1989).
5. Altafsir. Available at: <https://www.altafisir.com/Tafasir.asp> (Accessed: 04.21.2020)
6. Al-gayb. Ensiklopedia “Islam”. [Al-gayb. «Islam» encyclopedia]. (Almaty, 1995).
7. Kenjetaev D.T. Akhmet Yasawi duniyetanymynyn turki islam filosofiyasy tarikhnyndagy orny [Kenzhetaev D.T. The place of Ahmed Yasawi’s outlook in the history of Turkic Islamic philosophy]. (Turkistan, 2012).
8. Al-Firuzabadi. Basair zauittamiz [Distinguished insights]. Available at: <https://www.altafisir.com/MiscellaneousBooks.asp> (Accessed: 04.22.2020)
9. Qoja Akhmet Yasawi. Diuani Khikmet (danalyq kitaby). [Khoja Ahmed Yasawi. Diwani Hickmet (Book of Wisdom)]. (Tegeran, 2000).

А.С. Моллақанағат

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Смысл надписей на мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави

Аннотация. Центр Туркестанского края, Туркестан, является духовной столицей. Там находится могила Азрет Султана Ходжа Ахмеда Ясави. Знаменитый эмир Тимур выразил свою страсть к святому посредством строительства гигантского мавзолея. Со временем уважение к духовной деятельности Ясави не ослабло. Хотя против учения Ясави велась борьба, любовь к нему продолжала расти. Построенный мавзолей детально изучается как в архитектурном, так и в других аспектах. Расшифровка значения арабских надписей на мавзолее - требование времени. Они содержат аяты и хадисы, различные исторические даты и имена. Тексты – на арабском языке, но также даны транскрипция и значения слов на казахском языке. Следует отметить, что по-прежнему публикуется множество статей на тему надписей в мавзолее Ходжа Ахмеда Ясави, и они имеют отношение к духовной жизни общества.

Ключевые слова: Туркестан, религиоведение, тафсир, казах, Ясави, Ходжа Ахмед, мавзолей, надписи, аяты, исчезновение, ключи, радение, мудрость, ислам.

A.S. Mollakanagat

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The Meaning of the Inscriptions on the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi

Abstract. The center of the Turkestan region, Turkestan is the spiritual capital of Kazakhstan. It contains the tomb of Aziret Sultan Khoja Ahmed Yasawi. The famous Emir Timur expressed his passion for the saint by means of a giant mausoleum. As time went on, however, the respect for Yasawi's faithful spiritual activity was not weakened. Although there were various struggles against the Yassawi teaching, his love for him continued to grow. The built mausoleum is explored in detail both in architecture and in other aspects. It is time-consuming to discover the meaning of Arabic inscriptions on the mausoleum. There are historical dates, verses and hadiths in the writings, various historical dates and names. The verses are given in Arabic, transcript and meaning in the Kazakh language. It is noted that many articles are still being published on the subject of the inscriptions in the Khoja Ahmed Yasawi Mausoleum, and they have a bearing on the spiritual life of the community.

Keywords. Turkestan, religious studies, Tafsir, Kazakh, Yassawi, Khoja Ahmed, mausoleum, writings, verses, disappearances, keys, commentary, humility, Islam, mosque, opinion.

Автор туралы мәлімет:

Моллақанағат Ә.С. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Дінтану» мамандығының 2 курс студенті, Сәтпаев көшесі, 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Mollakanagat A.S. – 2nd year student of the specialty «Religious Studies», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.